



БҰЙРЫҚ

2023 жылдың 19 сәуірінен
Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 1-03/683
город Павлодар

**«Заманауи мектеп-заманауи сабақ» жобасын
енгізу туралы**

Қалалық білім беру бөлімінің әдістемелік кабинеті «Заманауи мектеп-заманауи сабақ» жобасын қала мектептерінде енгізу, «Педагог мәртебесі туралы» Заңын жүзеге асыру, оқыту сапасын және оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелілігін арттыру, қала мұғалімдерінің, шығармашылық топтардың үздік тәжірибесін тарату арқылы оқыту процесін жетілдіру мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. Білім беру бөлімінің әдістемелік кабинетінің әдіскерлері мен қала мектептерінің шығармашылық тобымен әзірленген «Заманауи мектеп-заманауи сабақ» жобасын іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар бекітілсін (1- қосымша).

2. Ә.Бөкейханов атындағы ЖОМ (Л.Б.Жүсіпова), Б.Момышұлы атындағы ЖОМ (М.Қ. Мәмбетова), №29 ЖОМ (Д.А.Абдраев), А.Байтұрсынұлы атындағы ЖОМ (Т.А. Мигунова), №35 ЖОМ (Г.Б.Бектемирова), КЖОМ (С.З. Ақылжанова) жобаның негізгі бағыттарын енгізу үшін пилоттық алаңдарды айқындасын.

3. Пилоттық мектептің директорлары:

- жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және оны іске асыру үшін жағдай жасауды қамтамасыз етсін;

- тапсырмаларды, әдістемелік ұсынымдар, оқу сауаттылығын дамытудың тиімді технологияларын әзірлеу үшін мектеп педагогтері қатарынан шығармашылық топтарды құрсын;

- қала мұғалімдерінің, шығармашылық топтардың үздік тәжірибесін тарату арқылы оқыту процесін жетілдірсін;

- мұғалімдердің негізгі құзыреттіліктерін арттыру, сабақты жетілдіруге бағытталған педагогикалық технологияларды құру мен енгізуде мұғалімнің рөлін күшейтсін.

4. Қала мектептерінің директорлары:

- білім беру бөлімінің әдістемелік кабинеті «Заманауи мектеп-заманауи сабақ» жобасын іске асыру бойынша «Педагог мәртебесі» туралы Заңын (2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293); «2022-2023 оқу жылында Қазақстан

Республикасының орта білім беру ұйымдарында¹ оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат – Нұр-Сұлтан қаласы, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022 жыл; 2020 жылғы 06 сәуірдегі «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» №130 бұйрықты (2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрықпен өзгертулер енгізілді) және әдістемелік ұсынымдарды талқыласын;

- «Әдістемелік ұсынымдарды» ескере отырып жобаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлесін.

5. Павлодар қаласы білім беру бөлімінің әдістемелік кабинеті:

- жобаны жүзеге асыру мақсатында жоба жетекшілері З.С. Алибаеваны, Д.К. Кульжановты тағайындасын;

- жоба жұмыстарын жүйелі жүргізу үшін білім беру бөлімінің әдіскерлері әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз етсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау білім беру бөлімі әдістемелік кабинет меңгерушісінің міндетін атқарушы Ш.С.Нұрахметоваға жүктелсін.

**Бөлім басшысының
міндетін атқарушы**



Ж. Асаинова